

"Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне жол қозғалысы қауіпсіздігін қамтамасыз ету мәселелері бойынша толықтырулар мен өзгерістер енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 12 қыркүйектегі N 796 Қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ** :

"Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне жол қозғалысы қауіпсіздігін қамтамасыз ету мәселелері бойынша толықтырулар мен өзгерістер енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы Қазақстан Республикасының Парламенті Мәжілісінің қарауына енгізілсін.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

Жоба

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң З а ң ы
Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне жол қозғалысы қауіпсіздігін қамтамасыз ету мәселелері бойынша толықтырулар мен өзгерістер енгізу туралы

1-бап . Қазақстан Республикасының мынадай заңнамалық актілеріне толықтырулар мен өзгерістер енгізілсін:

1. Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 30 қаңтардағы Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексіне (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2001 ж., N 5-6, 24-құжат; N 17-18, 241-құжат; N 21-22, 281-құжат; 2002 ж., N 4, 33-құжат; N 17, 155-құжат; 2003 ж., N 1-2, 3-құжат; N 4, 25-құжат; N 5, 30-құжат; N 11, 56, 64, 68-құжаттар; N 14, 109-құжат; N 15, 122, 139-құжаттар; N 18, 142-құжат; N 21-22, 160-құжат; N 23, 171-құжат; 2004 ж., N 6, 42-құжат; N 10, 55-құжат; N 15, 86-құжат; N 17, 97-құжат; N 23, 139, 140-құжаттар; N 24, 153-құжат; 2005 ж., N 5, 5-құжат; N 7-8, 19-құжат; N 9, 26-құжат; N 13, 53-құжат; N 14, 58-құжат; N 17-18, 72-құжат; N 21-22, 86, 87-құжаттар; N 23, 104-құжат; 2006 ж., N 1, 5-құжат; N 2, 19, 20-құжаттар; N 3, 22-құжат; N 5-6, 31-құжат; N 8, 45-құжат; N 10, 52-құжат; N 11, 55-құжат; N 12, 72, 77-құжаттар; N 13, 85, 86-құжаттар; N 15, 92, 95-құжаттар; N 16, 98, 102-құжаттар; N 23, 141-құжат; 2007 ж., N 1, 4-құжат; N 2, 16, 18-құжаттар; N 3, 20, 23-құжаттар; N 4, 28, 33-құжаттар; N 5-6, 37, 40-құжаттар; N 9, 67-құжат; N 10, 69-құжат; N 12, 88-құжат; N 13, 99-құжат; 2007 жылғы 2 тамызда "Егемен Қазақстан" және "Казахстанская правда" газеттерінде жарияланған "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне мақта саласын дамыту мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 21 шілдедегі Заңы; 2007 жылғы 7 тамызда "

Егемен Қазақстан" және "Казахстанская правда" газеттерінде жарияланған "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне мемлекеттік салып алу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 21 шілдедегі Заңы; 2007 жылғы 3 тамызда "Егемен Қазақстан" және "Казахстанская правда" газеттерінде жарияланған "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне тарихи-мәдени мұраны қорғау және пайдалану мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 21 шілдедегі Заңы; 2007 жылғы 3 тамызда "Егемен Қазақстан" және "Казахстанская правда" газеттерінде жарияланған "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне сыбайлас жемқорлыққа қарсы күресті жетілдіру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 21 шілдедегі Заңы; 2007 жылғы 9 тамызда "Егемен Қазақстан" және "Казахстанская правда" газеттерінде жарияланған "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне жылжымайтын мүлікке құқықтарды және онымен жасалатын мәмілелерді мемлекеттік тіркеу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 26 шілдедегі Заңы; 2007 жылғы 10 тамызда "Егемен Қазақстан" және "Казахстанская правда" газеттерінде жарияланған "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне кеден және салық рәсімдерін оңайлату мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 26 шілдедегі Заңы; 2007 жылғы 11 тамызда "Егемен Қазақстан" және "Казахстанская правда" газеттерінде жарияланған "Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексіне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі Заңы; 2007 жылғы 10 тамызда "Егемен Қазақстан" және "Казахстанская правда" газеттерінде жарияланған "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне мемлекеттік басқару жүйесін жаңғырту мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі Заңы; 2007 жылғы 15 тамызда "Егемен Қазақстан" және "Казахстанская правда" газеттерінде жарияланған "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне білім беру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі Заңы):

1) мынадай мазмұндағы 34-1-баппен толықтырылсын:

"34-1-бап. Көлік құралдары иелерінің әкімшілік жауапкершілігінің ерекшеліктері

1. Жол қозғалысы саласындағы әкімшілік құқық бұзушылықты сертификатталған арнайы техникалық бақылау-өлшеу құралдары мен приборлары тіркеген жағдайда, егер өзіне тағылған жазаға дауласпаса, осы Кодекстің 462, 463-6 және 466-баптарында көзделген әкімшілік құқық бұзушылықтар үшін көлік құралының иесі әкімшілік жауапкершілікке тартылады.

Егер көлік құралы иесі оған тағылған әкімшілік жазаны дауласа оған әкімшілік

жауапкершілікке тартудың жалпы негіздері әрекет етеді.

2. Егер құқық бұзушылық тіркелген сәтте көлік құралы иелігінде болған тұлға анықталса не басқа адамдардың құқыққа қарсы әрекеттерінің нәтижесінде ол оның иелігінен шыққан болса, осы көлік құралының қатысуымен жасалған құқық бұзушылық үшін көлік құралының иесі әкімшілік жауапкершілікке тартылмайды.

Е с к е р т у :

1. Осы Кодекстің баптарында көлік құралдарының иелері болып жеке меншік құқығында көлік құралы бар жеке тұлғалар, сондай-ақ заңды тұлғаларға тиесілі көлік құралдары уақытша иелігіне және пайдалануға берілген адамдар танылады.

2. Сертификатталған арнайы техникалық бақылау-өлшеу құралдары мен приборлары деп метрологиялық тексеруден өткен, құқық бұзушылықтарды бақылау мен тіркеудің техникалық құралдары мен приборларын, құқық бұзушылықтың жасалу фактісі мен уақытын, көлік құралының түрін, маркасын, мемлекеттік тіркеу нөмірлік белгісін және де жылдамдығы мен қозғалыс бағытын анықтайтын фото, бейне а п п а р а т у р а н ы т ү с і н у қ а ж е т . " ;

2) 51-баптың үшінші бөлігі "екі жылдан аспауға" деген сөздерден кейін ", жол қозғалысы қауіпсіздігін қамтамасыз ету саласында алты айдан кем болмауға және бес жылдан аспауға, көлік құралын мас күйде басқарғаны үшін екі жылдан кем болмауға және көлік құралын басқару құқығынан өмір бойына айыруға дейін болуы" деген с ө з д е р м е н т о л ы қ т ы р ы л с ы н ;

3) 58-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"58-бап. Жол жүрісі ережелерін білуді тексеру

Осы Кодекстің 461 (жетінші бөлігінде), 461-1 (екінші бөлігінде), 462 (төртінші бөлігінде), 463 (төртінші бөлігінде), 463-1 (үшінші бөлігінде), 463-2 (төртінші бөлігінде), 463-3 (төртінші бөлігінде), 463-4 (төртінші бөлігінде), 463-5 (үшінші бөлігінде), 463-7 (екінші бөлігінде), 463-8 (екінші бөлігінде), 464 (екінші бөлігінде), 466-1 (төртінші және бесінші бөліктерінде) баптарында көзделген құқық бұзушылықтар жасаған көлік құралдарының жүргізушілері жол жүрісі ережелерін білуін тексеру үшін емтихан тапсыруға жіберіледі. Жол жүрісі ережелерін білуін тексеруге жіберу туралы қаулыны осы бапта көрсетілген әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы істерді қарауға уәкілетті орган (лауазымды адам) шығарады. " ;

4) 71-1-баптың бірінші бөлігі "(үшінші бөлігі)" деген сөздерден кейін "және 468-бабында" деген сөздермен толықтырылсын;

5) 4 6 1 - б а п т а :

б і р і н ш і б ө л і г і н д е :

бірінші абзацта "тіркеу белгілері" деген сөздер "тіркеу нөмірлік белгілері (белгісі)" деген сөздермен ауыстырылсын;

екінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

"бес айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.";

е к і н ш і б ө л і г і н д е :

бірінші абзацта "тіркеу белгілері" деген сөздер "тіркеу нөмірлік белгілері (белгісі)" деген сөздермен ауыстырылсын, "жоқ" деген сөзден кейін "немесе пайдалануға тыйым салынғаннан кейін немесе белгіленген тәртіппен тіркелмеген" деген сөздермен толықтырылсын;

екінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

"он айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады;"

үшінші бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Көлік құралына көрінеу жалған (жасанды) мемлекеттік тіркеу нөмірлік белгілерін (белгісін) орнату -

жеке тұлғаларға он бес айлық есептік көрсеткіш, көлік құралдарының пайдаланылуына жауапты лауазымды тұлғаларға - елу айлық есептік көрсеткіш, дара кәсіпкерлерге, шағын немесе орта кәсіпкерлік субъектілері немесе коммерциялық емес ұйымдар болып табылатын заңды тұлғаларға - екі жүз айлық есептік көрсеткіш, ірі кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға - бір мың айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.";

мынадай мазмұндағы 3-1-бөлікпен толықтырылсын:

"3-1. Көрінеу жалған (жасанды) мемлекеттік тіркеу нөмірлік белгілері (белгісі) бар көлік құралын басқару -

жиырма айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға және алты ай мерзімге көлік құралын басқару құқығынан айыруға әкеп соғады.";

төртінші бөліктің екінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"он айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.";

бесінші бөліктің екінші абзацындағы "айлық есептік көрсеткіштің бірден екіге дейінгі" деген сөздер "он бес айлық есептік көрсеткіш" деген сөздермен ауыстырылсын ;

алтыншы бөліктің екінші абзацындағы "айлық есептік көрсеткіштің бестен жетіге дейінгі" деген сөздер "он бес айлық есептік көрсеткіш" деген сөздермен ауыстырылсын ;

мынадай мазмұндағы жетінші бөлікпен толықтырылсын:

"7. Осы баптың бірінші, төртінші және бесінші бөліктерінде көзделген, әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін бір жыл ішінде қайталап жасалған іс-әрекеттер, - жиырма айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.";

б) мынадай мазмұндағы 461-1-баппен толықтырылсын:

"461-1-бап. Көлік құралын басқару кезінде адамның телефонды не радиостанцияны пайдалануы

1. Көлік құралын басқару кезінде адамның телефонды не радиостанцияны пайдалануы -

бес айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

2. Осы баптың бірінші бөлігінде көзделген, әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін бір жыл ішінде қайталап жасалған іс-әрекеттер, - жеті айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

Ескерту. Көлік құралын басқару уақытында телефонды не радиостанцияны құлақшын немесе қатты дауысты байланыс арқылы пайдалануға рұқсат етіледі.";

7) 4 6 2 - б а п т а :

бірінші бөліктің екінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"бес айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.";

екінші бөліктің екінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"он айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.";

үшінші бөліктің екінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"он бес айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.";

мынадай мазмұндағы төртінші бөлікпен толықтырылсын:

"4. Осы баптың бірінші бөлігінде көзделген, әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін бір жыл ішінде қайталап жасалған іс-әрекеттер, - жиырма айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.";

8) 4 6 3 - б а п т а :

тақырып пен бірінші бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

"463-бап. Көлік құралдарын жүргізушілердің маршруттық көлік құралдары аялдау, тұрғын аймақтарда қозғалу, жолаушылар мен жүктерді тасымалдау және жол қозғалысы ережелерін басқадай өрескел бұзуы

1. Көлік құралдарын жүргізушілердің маршруттық көлік құралдары аялдау, тұрғын аймақтарда қозғалу, жолаушылар мен жүктерді тасымалдау, қауіпсіздік белдіктерімен жабдықталған көлік құралдарымен жүру кезінде қауіпсіздік белдіктерін, мотоциклдерді жүргізу және онымен жолаушыларды тасымалдау кезінде мотошлемдерді пайдалану, көлік құралдарын сүйретуге алу, тәуліктің қараңғы уақытында немесе анық көрінбейтін ала-көлеңке кезде жарық беретін құралдарды пайдалану ережелерін бұзу, - бес айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.";

1-1-бөлік алынып тасталсын;

мынадай мазмұндағы төртінші бөлікпен толықтырылсын:

"4. Осы баптың бірінші бөлігінде көзделген, әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін бір жыл ішінде қайталап жасалған іс-әрекеттер, - он айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.";

9) мынадай мазмұндағы 463-1, 463-2, 463-3, 463-4, 463-5, 463-6, 463-7 және 463-8-баптармен толықтырылсын:

"463-1-бап. Қиылыстардан өту ережелерін бұзу

1. Жүргізушіні тоқтауға мәжбүр еткен көлік кептелісі пайда болған жағдайда көлденең бағыттағы көлік құралдарының қозғалысы үшін кедергі келтіріп, жол қиылысына шығу немесе жолдың жүру бөлігін кесіп өту, -

бес айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

2. Жол жүрісі ережелерінің қиылыстан өтуде басымдық құқығын пайдаланатын көлік құралына жол беру талаптарын орындамау, - бес айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

3. Осы баптың бірінші және екінші бөліктерінде көзделген, әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін бір жыл ішінде қайталап жасалған іс-әрекеттер, - он бес айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

463-2-бап. Маневр жасау ережелерін бұзу

1. Жол жүрісі ережелерінің қозғалу, қайта орналасу, бұрылу, кері бұрылу немесе тоқтау алдында сигнал беру талаптарын орындамау, - бес айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

2. Осы Кодекстің 466-1-бабының үшінші бөлігінде көзделген жағдайларды қоспағанда, мұндай маневрлар жасау тыйым салынған жерлерде кері бұрылу немесе а р т қ а ш е г і н у , -

бес айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

3. Осы Кодекстің 463-1-бабының екінші бөлігінде және 463-5-бабында көзделген жағдайларды қоспағанда, жол жүрісі ережелерінің қозғалыста басымдық құқығын пайдаланатын көлік құралына жол беру талаптарын орындамау, - бес айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

4. Осы баптың бірінші, екінші және үшінші бөліктерінде көзделген, әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін бір жыл ішінде қайталап жасалған іс-әрекеттер, - он бес айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

463-3-бап. Көлік құралын жолдың жүру бөлігінде орналастыру, қарама-қарсы жүріп өту немесе басып озу ережелерін бұзу

1. Жол жүрісі ережелерін бұза отырып, жаяу жүргіншілер жолымен, жол жиегімен немесе тротуармен қозғалу, - жеті айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

2. Көлік құралын жолдың жүру бөлігіне орналастыру, жолдың жүру бөлігінің қарама-қарсы бағытта қозғалуға арналған жағына шықпай, қарама-қарсы жүріп өту немесе басып озу ережелерін бұзу, сол сияқты ұйымдасқан көліктік немесе жаяу колоннаны кесіп өту не одан орын алу, - жеті айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

3. Егер жол жүрісі ережелерімен тыйым салынбаған жағдайда, жолдың жүру бөлігінің қарама-қарсы қозғалысына арналған жағына шығу, - алты ай мерзімге көлік құралын басқару құқығынан айыруға әкеп соғады.

4. Осы баптың бірінші және екінші бөліктерінде көзделген, әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін бір жыл ішінде қайталап жасалған іс-әрекеттер, - он бес айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

463-4-бап. Көлік құралдарының аялдау немесе оларды қою ережелерін бұзу

1. Осы Кодекстің 463-бабының бірінші және 466-бабының бірінші бөліктерінде және осы баптың екінші-үшінші бөліктерінде көзделген жағдайларды қоспағанда, көлік құралдарының аялдау немесе оларды қою ережелерін бұзу, - бес айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

2. Тротуарда көлік құралдарының аялдау немесе оларды қою ережелерін бұзу, - бес айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

3. Басқа көлік құралдарының қозғалысы үшін кедергі келтіруге әкеп соқтырған, жолдың жүру бөлігінде көлік құралдарының аялдау немесе оларды қою ережелерін бұзу, - жеті айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

4. Осы баптың бірінші, екінші және үшінші бөліктерінде көзделген, әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін бір жыл ішінде қайталап жасалған іс-әрекеттер, - он бес айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

463-5-бап. Қозғалыста арнайы жарық және дыбыс сигналдары қосылған көлік құралына басымдық бермеу

1. Қозғалыста бір мезгілде көк түсті жарқырауық маяк және арнайы дыбыс сигналы қосылған қозғалыстағы көлік құралына басымдық бермеу, - жеті айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

2. Сыртқы жағында арнайы түсті-графикалық схемалар, жазулар және белгілер бар, бір мезгілде көк түсті жарқырауық маяк және арнайы дыбыс сигналы қосылған қозғалыстағы көлік құралына басымдық бермеу, - он айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

3. Осы баптың бірінші және екінші бөліктерінде көзделген, әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін бір жыл ішінде қайталап жасалған іс-әрекеттер, - он бес айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

463-6-бап. Бағдаршамның тыйым салатын сигналына немесе реттеушінің тыйым салатын қимылына өтіп кету

1. Осы Кодекстің 466-бабының бірінші бөлігінде көзделген жағдайларды қоспағанда, бағдаршамның тыйым салатын сигналына немесе реттеушінің тыйым салатын қимылына өтіп кету, - он айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

2. Осы баптың бірінші бөлігінде көзделген, әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін бір жыл ішінде қайталап жасалған іс-әрекеттер, - жиырма айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

463-7-бап. Қозғалыс барысында жаяу адамдарға немесе өзге жол қозғалысына қатысушыларға басымдық бермеу

1. Қозғалыс барысында басымдық құқығын пайдаланатын көлік құралдарының жүргізушілерін қоспағанда, жол қозғалыс ережесінің жаяу адамдарға немесе өзге жол қозғалысына қатысушыларға жол беру талаптарын орындамау, -

он айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

2. Осы баптың бірінші бөлігінде көзделген, әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін бір жыл ішінде қайталап жасалған іс-әрекеттер, - жиырма айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.
463-8-бап. Нұсқау жасайтын жол белгілерінің немесе жол бетіндегі белгілердің талаптарын сақтамауы

1. Осы тараудың басқа да баптарында көзделген жағдайларды қоспағанда, нұсқау жасайтын жол белгілерінің немесе жол бетіндегі белгілердің талаптарын сақтамауы, - бес айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

2. Осы баптың бірінші бөлігінде көзделген, әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін бір жыл ішінде қайталап жасалған іс-әрекеттер, - он айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады."; 10) 464 - бапта :

тақырыбындағы "құралдарын және" деген сөздерден кейін "(немесе)" деген сөзбен толықтырылсын ;

бірінші бөлікте :

бірінші абзац "құралдарын және" деген сөздерден кейін "(немесе)" деген сөзбен толықтырылсын ;

екінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

"бес айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.";

екінші бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Осы баптың бірінші бөлігінде көзделген, әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін бір жыл ішінде қайталап жасалған іс-әрекеттер, - жеті айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.";

11) мынадай мазмұндағы 464-1-баппен толықтырылсын:

"464-1-бап. Арнайы жарық немесе дыбыс сигналдарын беруге арналған құрылғыларды көлік құралына орнату ережелерін бұзу немесе жедел қызметтердің автомобильдеріне арнайы түсті-графикалық схемаларды заңсыз жазу

1. Көлік құралының алдыңғы бөлігіне қызыл түсті оты бар жарық құралдарын немесе қызыл түсті жарық қайтаратын аспаптарды, сол сияқты түсі мен жұмыс режимдері Көлік құралдарын пайдалануға жіберу жөніндегі негізгі ережелер мен жол жүрісі қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі лауазымды тұлғалар міндеттерінің талаптарына сәйкес келмейтін жарық құралдарын орнату, -

жеке тұлғаларға көрсетілген құралдар мен аспаптарды тәркілей отырып, жиырма бес айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға; көлік құралдарының пайдаланылуына жауапты лауазымды тұлғаларға, дара кәсіпкерлерге, шағын немесе орта кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға - көрсетілген құралдар мен аспаптарды тәркілей отырып, айлық есептік көрсеткіштің жүз елу айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға; ірі кәсіпкерлік субъектілері болып

табылатын заңды тұлғаларға - көрсетілген құралдар мен аспаптарды тәркілей отырып, екі мың айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

2. Арнайы жарық немесе дыбыс сигналдарын беруге арналған құрылғыларды (күзет сигнализациясын қоспағанда) көлік құралына тиісті рұқсатсыз орнату, -

жеке тұлғаларға көрсетілген құрылғыларды тәркілей отырып, жиырма бес айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға; көлік құралдарының пайдаланылуына жауапты лауазымды тұлғаларға, жеке кәсіпкерлерге, шағын немесе орта кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға - көрсетілген құрылғыларды тәркілей отырып, екі жүз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға; ірі кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға - көрсетілген құрылғыларды тәркілей отырып, екі мың айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

3. Көлік құралының сыртқы жағына жедел қызметтер автомобильдерінің арнайы түсті-графикалық схемаларын заңсыз жазу, -

жеке тұлғаларға жиырма бес айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға; көлік құралдарының пайдаланылуына жауапты лауазымды тұлғаларға, жеке кәсіпкерлерге, шағын немесе орта кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға - екі жүз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға; ірі кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға - екі мың айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.";

12) 465 және 466-баптар мынадай редакцияда жазылсын:

"465-бап. Жол қозғалысына қатысушының жол жүрісі ережелерін авариялық ахуал туғызуға әкеп соқтыратындай дәрежеде бұзуы

1. Жол қозғалысына қатысушының авариялық ахуал туғызуға әкеп соқтыратындай, яғни өзінен басқа қозғалысқа қатысушыларды қозғалыс жылдамдығын, бағытын күрт өзгертуге мәжбүр етіп, жол қозғалысы ережелерін бұзуы, -

он айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

2. Осы баптың бірінші бөлігінде көзделген, әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін бір жыл ішінде қайталап жасалған іс-әрекеттер, -

алты ай мерзімге көлік құралын басқару құқығынан айыруға әкеп соғады.

466-бап. Темір жол өткелдерінен өту ережелерін бұзу

1. Темір жол өткелдерінен тыс жерден темір жолды кесіп өту, жабық тұрған немесе жабылып жатқан шлагбаумнан не бағдаршамның немесе өткел кезекшісінің тыйым салатын белгі берген кезінде темір жол өткелдерінен өту, сол сияқты темір жол өткеліне аялдау немесе тоқтау, -

он айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

2. Осы баптың бірінші бөлігінде көзделген жағдайларды қоспағанда темір жол өткелдері арқылы өту ережелерін бұзу, -

бес айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

3. Осы баптың бірінші және екінші бөліктерінде көзделген, әкімшілік жаза

қолданылғаннан кейін бір жыл ішінде қайталап жасалған іс-әрекеттер, - алты ай мерзімге көлік құралын басқару құқығынан айыруға әкеп соғады.";

13) мынадай мазмұндағы 466-1-баппен толықтырылсын:

"466-1-бап. Автомагистраль бойынша қозғалу ережелерін бұзу

1. Техникалық сипаттамасы немесе жай-күйі бойынша жылдамдығы сағатына кем дегенде 40 километр болатын көлік құралының автомагистраль бойынша қозғалуы, сол сияқты автомагистральда тұруға арналған арнайы алаңдардан тыс жерде көлік құралын т о қ т а т ы п қ о ю , -

бес айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

2. Рұқсат етілген ең жоғарғы салмағы 3,5 тоннадан асатын жүк автомобилімен автомагистраль бойынша екінші жолақтан әрі қозғалу, - бес айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

3. Автомагистральда кері бұрылу не бөлу жолағының технологиялық айырықтарына көлік құралының кіруі немесе автомагистраль бойымен артқа шегіну, - жеті айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

4. Осы баптың бірінші және екінші бөліктерінде көзделген, әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін бір жыл ішінде қайталап жасалған іс-әрекеттер, - он айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

5. Осы баптың үшінші бөлігінде көзделген, әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін бір жыл ішінде қайталап жасалған іс-әрекеттер, - он бес айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.";

14) 467-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"467-бап. Жүргізушінің мас күйінде көлік құралын басқаруы, сондай-ақ көлік құралын басқаруды мас күйдегі адамға беруі

1. Жүргізушінің алкогольмен, есірткімен немесе уытқұмарлықпен масаю күйінде көлік құралын басқаруы, не көлік құралын басқаруды алкогольмен, есірткімен, уытқымен масаю күйіндегі адамға беру, - екі жылға көлік құралын басқару құқығынан айыруға әкеп соғады.

2. Авариялық ахуал туғызуға әкеп соқтырған нақ сол іс-әрекеттер, - үш жылға көлік құралын басқару құқығынан айыруға әкеп соғады.

3. Осы баптың бірінші бөлігінде көзделген, жәбірленушінің денсаулығына қылмыстық жазалау әрекетінің белгілері жоқ зақым келтіруге немесе көлік құралдарын, жүктерді, жол құрылыстары мен өзге де құрылыстарды немесе өзге мүлікті бүлдіруге әкеп соқтырған әрекеттер жасау, - төрт жылға көлік құралын басқару құқығынан айыруға әкеп соғады.

4. Осы баптың бірінші, екінші және үшінші бөліктерінде көзделген, әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін бір жыл ішінде қайталап жасалған іс-әрекеттер, - он тәулікке әкімшілік қамауға және бес жыл мерзімге көлік құралын басқару құқығынан айыруға әкеп соғады.

5. Осы баптың төртінші бөлігінде көзделген, әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін бір жыл ішінде қайталап жасалған іс-әрекеттер, - он бес тәулікке әкімшілік қамауға және өмір бойы көлік құралын басқару құқығынан айыруға әкеп соғады.

6. Осы баптың бірінші, екінші және үшінші бөліктерінде көзделген, көлік құралын басқару құқығынан айырылған адам жасаған іс-әрекеттер, - он тәулікке әкімшілік қамауға әкеп соғады.

7. Осы баптың алтыншы бөлігінде көзделген, әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін бір жыл ішінде көлік құралын басқару құқығынан айырылған адам қайталап жасаған іс-әрекеттер, - он бес тәулікке әкімшілік қамауға әкеп соғады.

8. Осы баптың бірінші, екінші, үшінші бөліктерінде көзделген, көлік құралын басқару құқығы жоқ адамдар жасаған іс-әрекеттер, - он тәулікке әкімшілік қамауға әкеп соғады.

9. Осы баптың сегізінші бөлігінде көзделген, көлік құралын басқару құқығы жоқ адамның бір жыл ішінде қайталап жасаған іс-әрекеттері, - он бес тәулікке әкімшілік қамауға әкеп соғады.

Ескерту. Жүргізушінің масаю (алкогольмен, есірткімен, уытқұмарлықпен) күйінде болуы осы Кодекстің 629-бабының үшінші бөлігінде белгіленген тәртіппен анықталады.

15) 468 - бапта:

бірінші бөліктің екінші абзацында:

"айлық есептік көрсеткіштің үштен алтыға дейінгі" деген сөздер "он айлық есептік көрсеткіш" деген сөздермен ауыстырылсын;

"немесе алты айдан бір жылға дейінгі" деген сөздер "және алты ай" деген сөздермен ауыстырылсын;

екінші бөліктің екінші абзацында:

"айлық есептік көрсеткіштің бестен онға дейінгі" деген сөздер "он бес айлық есептік көрсеткіш" деген сөздермен ауыстырылсын;

"немесе алты айдан бір жылға дейінгі" деген сөздер "және бір жыл" деген сөздермен ауыстырылсын;

үшінші бөліктің екінші абзацында "айлық есептік көрсеткіштің бестен он беске дейінгі" деген сөздер "жиырма айлық есептік көрсеткіш" деген сөздермен ауыстырылсын;

16) 469-баптың екінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"бір жыл мерзімге көлік құралын басқару құқығынан айыруға әкеп соғады.";

17) 470 - бапта:

бірінші бөліктің екінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"бес айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.";

екінші бөліктің екінші абзацында "айлық есептік көрсеткіштің бестен онға дейінгі" деген сөздер "он бес айлық есептік көрсеткіш" деген сөздермен ауыстырылсын;

1 8) 4 7 1 - б а п т а :

бірінші бөліктің екінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"бір жыл мерзімге көлік құралдарын басқару құқығынан айыруға әкеп соғады.";

екінші бөліктің екінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"екі жыл мерзімге көлік құралдарын басқару құқығынан айыруға әкеп соғады.";

1 9) 4 8 4 - б а п т а :

б і р і н ш і б ө л і к т е :

б і р і н ш і а б з а ц т а :

"468," деген сандар алынып тасталсын;

"бірнеше" деген сөз "үш және одан да көп" деген сөздермен ауыстырылсын;

е к і н ш і а б з а ц т а :

"айлық есептік көрсеткіштің үштен беске дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға немесе" деген сөздер алынып тасталсын;

"үш айдан алты айға дейінгі" деген сөздер "алты ай" деген сөздермен ауыстырылсын;

"айлық есептік көрсеткіштің оннан отызға дейінгі" деген сөздер "отыз айлық есептік көрсеткіш" деген сөздермен ауыстырылсын;

е к і н ш і б ө л і к т е :

б і р і н ш і а б з а ц т а :

"461," деген сандардан кейін "461-1," деген сандармен толықтырылсын;

"463," деген сандардан кейін "463-1-463-8," деген сандармен толықтырылсын;

"466," деген сандардан кейін "466-1," деген сандармен толықтырылсын;

"468, 469," деген сандар алынып тасталсын;

"екі" деген сөз "үш" деген сөзбен ауыстырылсын;

е к і н ш і а б з а ц т а :

"айлық есептік көрсеткіштің үштен беске дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға немесе" деген сөздер алынып тасталсын;

"үш айдан алты айға дейінгі" деген сөздер "алты ай" деген сөздермен ауыстырылсын;

20) 541-баптың бірінші бөлігінде "461 (үшінші бөлігінде), 462 (екінші және үшінші бөліктерінде), 463 (1-1-бөлігінде), 464 (екінші бөлігінде), 465, 466, 467 (бірінші-үшінші, бесінші бөліктерінде)," деген сөздер "461 (3-1-бөлігінде), 464-1 (бірінші және екінші бөліктерінде), 466 (үшінші бөлігінде), 467," деген сөздермен ауыстырылсын;

2 1) 5 4 3 - б а п т а :

бірінші бөлігінде "461 (бірінші, екінші, төртінші-алтыншы бөліктерінде), 462 (бірінші және екінші бөліктерінде), 463 (бірінші бөлігінде), 464 (бірінші бөлігінде), 467 (төртінші, алтыншы бөліктерінде)," деген сөздер "461 (бірінші, екінші, үшінші, төртінші

, бесінші, алтыншы және жетінші бөліктерінде), 461-1, 462, 463, 463-1-463-8, 464, 464-1 (үшінші бөлігінде), 465, 466 (бірінші және екінші бөліктерінде), 466-1," деген сөздермен а у ы с т ы р ы л с ы н ;

екінші бөліктің 6) және 7) тармақшалары мынадай редакцияда жазылсын:

"6) осы Кодекстің 461 (екінші, үшінші, алтыншы және жетінші бөліктерінде), 461-1 (екінші бөлігінде), 462 (үшінші және төртінші бөліктерінде), 463 (екінші, үшінші және төртінші бөліктерінде), 463-1 (үшінші бөлігінде), 463-2 (төртінші бөлігінде), 463-3 (төртінші бөлігінде), 463-4 (төртінші бөлігінде), 463-5 (үшінші бөлігінде), 463-6 (екінші бөлігінде), 463-7 (екінші бөлігінде), 463-8 (екінші бөлігінде), 464 (екінші бөлігінде), 464-1 (үшінші бөлігінде), 465 (екінші бөлігінде), 466-1 (төртінші және бесінші бөліктерінде), 468 (үшінші бөлігінде), 472-475, 485-487-баптарында көзделген әкімшілік құқық бұзушылық үшін, - ішкі істер органдары Жол полициясы комитетінің төрағасы, басқармаларының, бөлімдерінің, бөлімшелерінің бастықтары мен олардың о р ы н б а с а р л а р ы ;

7) осы Кодекстің 175 (екінші бөлігінде) (көлік құралдарының иелері, автомобиль көлігімен және қалалық электр көлігімен тасымалдаушылар жасаған құқық бұзушылықтар бөлігінде), 247, 461 (бірінші, төртінші және бесінші бөліктерінде), 461-1 (бірінші бөлігінде), 462 (бірінші және екінші бөліктерінде), 463 (бірінші бөлігінде), 463-1 (бірінші және екінші бөліктерінде), 463-2 (бірінші-үшінші бөліктерінде), 463-3 (бірінші-үшінші бөліктерінде), 463-4 (бірінші-үшінші бөліктерінде), 463-5 (бірінші және екінші бөліктерінде), 463-6 (бірінші бөлігінде), 463-7 (бірінші бөлігінде), 463-8 (бірінші бөлігінде), 464 (бірінші бөлігінде), 465 (бірінші бөлігінде), 466 (бірінші және екінші бөліктерінде), 466-1 (бірінші-үшінші бөліктерінде), 470, 473 (бірінші бөлігінде), 476, 485 (бірінші бөлігінде) баптарында (жеке тұлғаларға қатысты) көзделген әкімшілік құқық бұзушылық үшін, - арнайы шендері бар жол полициясының қызметкерлері;"

22) 584-баптың үшінші бөлігінде "(көлік құралдарын басқару құқығын қоспағанда)" деген сөздер алынып тасталсын;

23) 604-баптың екінші бөлігінде:

бірінші абзацта "және құқық бұзушылықты байқау мен тіркеудің метрологиялық тексеруден өткен аспаптарының" деген сөздер алынып тасталсын;

екінші абзацта "және құқық бұзушылықты байқау мен тіркеудің метрологиялық тексеруден өткен аспаптарының, көлік құралдарының түрін, жүру уақытын, жылдамдығы мен бағытын тіркейтін фото-, бейне аппаратуралардың деректері" деген сөздер алынып тасталсын;

24) 628 - бап :

мынадай мазмұндағы 7-1-бөлікпен толықтырылсын:

"7-1. Иесі жол жүрісі ережелерін білуін тексеруге арналған емтиханды тапсырған жағдайда, жол жүрісі ережелерін білуін тексеруге жіберу туралы қаулы бойынша алынған жүргізуші куәлігі немесе көлік құралын жүргізуге құқық беретін жүргізуші

куәлігінің орнына берілген куәлік жүргізушіге қайтарылады.

Жол жүрісі ережелерін білуін тексеру үшін емтихан тапсыруға жіберілген адам жол жүрісі ережелерін білуін тексеруге жүргізушіні жіберу туралы қаулы күшіне енген күнінен бастап екі ай ішінде емтихан тапсыра алмаған жағдайда, қаулы шығарған лауазымды тұлға жол қозғалысы қауіпсіздігі саласындағы заңнамалық актіде көзделген шараларды қабылдайды.

Ескерту: жүргізуші куәлігі куәгерлердің қатысуынсыз алынады.";

25) 630-баптың бірінші бөлігінің бірінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

" 1 . О с ы К о д е к с т і ң :

283-285, 287, 289, 297, 298, 298-1, 302-306, 447, 447-1, 447-2, 447-3, 447-4, 451, 453, 457, 460, 461 (екінші, үшінші және 3-1-бөліктерінде), 463 (екінші және үшінші бөліктерінде), 467, 470 (бірінші және екінші бөліктерінде), 471 (екінші бөлігінде), 514 (461-471-баптарында көзделген құқық бұзушылықтар бөлігінде), 524 (461-471-баптарында көзделген құқық бұзушылықтар бөлігінде) баптарында көзделген құқық бұзушылықтар жасалған кезде осы баптың екінші бөлігінде көрсетілген уәкілетті лауазымды тұлға көлік құралын, шағын көлемді кемені ұстау себептері жойылғанға дейін оларды ұстауға, уақытша сақтау үшін арнаулы алаңдарға немесе тұрақтарға, оның ішінде басқа көлік құралын (эвакуаторды), шағын көлемді кемені пайдалана отырып жеткізу жолымен көлік құралдарын, шағын көлемді кемелерді жеткізуге және пайдалануға тыйым салуға құқылы;

осы Кодекстің 461 (бірінші, төртінші-жетінші бөліктерінде), 468, 469-баптарында көзделген құқық бұзушылықтар жасалған кезде, осы баптың екінші бөлігінде көрсетілген уәкілетті лауазымды адам көлік құралын пайдалануға тыйым салу себептері жойылғанға дейін мемлекеттік тіркеу нөмірлік белгілерін алып қою жолымен көлік құралдарын пайдалануға тыйым салуға құқылы.";

26) 636-баптың бірінші бөлігі 1) тармақшасының екінші абзацында "461 (үшінші бөлігі), 462 (екінші және үшінші бөліктері), 463 (1-1 бөлігі), 464 (екінші бөлігі), 465, 466, 467 (бірінші-үшінші, бесінші бөліктері), 468 (бірінші бөлігі), 469, 471 (бірінші және екінші бөліктерінде), 477 (үшінші бөлігі), 484, 501, 518, 521, 524" деген сөздер " 464-1 (бірінші және екінші бөліктерінде), 466 (үшінші бөлігі), 467, 468 (бірінші және екінші бөліктерінде), 469, 471, 477 (үшінші бөлігі), 484, 501, 514 (461-471-баптарында көзделген құқық бұзушылықтар бөлігінде), 518, 521, 524 (461-471-баптарында көзделген құқық бұзушылықтар бөлігінде)" деген сөздермен ауыстырылсын;

27) 638-баптың бесінші бөлігінде:

"құқық бұзу фактісін және құқық бұзушының жеке басын дұрыс анықтауға мүмкіндік беретін" деген сөздер алынып тасталсын;

"және метрологиялық тексеруден өткен құқық бұзушылықты бақылау мен тіркеу аспаптарының, фото-, бейне аппаратураның деректері" деген сөздер алынып тасталсын;

бірінші бөліктің бірінші абзацында "құқық бұзушылық жасау" деген сөздерден кейін "және осы баптың 1-1 бөлігінде көрсетілген жағдайда" деген сөздермен толықтырылсын;

мынадай мазмұндағы 1-1 бөлікпен толықтырылсын:

"1-1. Жол қозғалысы қауіпсіздігі саласында мынадай әкімшілік құқық бұзушылықтар жасалған жағдайда әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттама жасалмайды:

1) айыппұл түрінде әкімшілік жаза қолдануға әкеп соғатын, егер айыппұл он айлық есептік көрсеткіштің мөлшерінен аспаса.

Айыппұл түріндегі жаза қолданылған кезде соған уәкілетті лауазымды тұлға әкімшілік құқық бұзушылық жасалған жерде айыппұл салады және алады не оны құқық бұзушының төлем картасынан алады. Айыппұл салынған кезде құқық бұзушыға қатаң қаржылық есептегі құжат болып табылатын белгіленген үлгідегі түбіртек беріледі.

Әкімшілік құқық бұзушылық жасаған адам төлем құжатының екінші данасына қол қою арқылы өзіне қолданылған айыппұлды ерікті түрде төлеу жазасымен келісетінін растайды;

2) егер әкімшілік құқық бұзушылықты автоматты режимде жұмыс істейтін арнайы техникалық құралдар тіркесе, айыппұл ұйғарым түрінде ресімделеді және айыппұл салынған адамға айыппұл төлеу қажеттігі туралы тиісті түрде хабарланған хабарламамен бірге техникалық құралдың немесе аспаптың көрсеткіштері жіберіледі.";

29) 650-бап мынадай мазмұндағы 1-1-бөлікпен толықтырылсын:

"1-1. Көлік құралын жүргізушіні жол жүрісі ережелерін білуін тексеруге арналған емтиханды тапсыруға жіберген кезде жол жүрісі ережелерін білуін тексеруге жіберу туралы қаулы шығарылады, оның көшірмесі емтихан тапсыруға жіберілген адамға беріледі.";

30) 707-баптың бірінші бөлігінде:

"қаулы шығарған судьяға," деген сөздерден кейін "айыппұл төлеу қажеттігі туралы ұйғарым берген" деген сөздермен толықтырылсын;

"заңды күшіне енген" деген сөздерден кейін ", айыппұл төлеу қажеттігі туралы ұйғарымның шығарылған" деген сөздермен толықтырылсын;

31) 708 - б а п т а :

бірінші бөлікте "айыппұл салу туралы қаулыны" деген сөздерден кейін ", айыппұл төлеу қажеттігі туралы ұйғарымды" деген сөздермен толықтырылсын;

үшінші бөлікте "айыппұл салу туралы қаулы" деген сөздерден кейін ", айыппұл төлеу қажеттігі туралы ұйғарым" деген сөздермен толықтырылсын;

төртінші бөлікте "айыппұл салу туралы қаулыны" деген сөздерден кейін ", айыппұл төлеу қажеттігі туралы ұйғарымды" деген сөздермен толықтырылсын.

2. "Жол жүрісі қауіпсіздігі туралы" Қазақстан Республикасының 1996 жылғы 15 шілдедегі Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1996 ж., N 14, 273-құжат; 2001 ж., N 24, 338-құжат; 2003 ж., N 10, 54-құжат; N 12, 82-құжат; 2004 ж., N 23, 142-құжат; 2005 ж., N 7-8, 23-құжат; 2006 ж., N 1, 5-құжат; N 24, 148-құжат; 2007 ж., N 2, 18 - құжат) :

- 1) 6-баптың жетінші абзацы алынып тасталсын;
- 2) 10-баптың 2-тармағы алынып тасталсын;
- 3) 16-баптың 1-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Көлік құралдарын басқаруға арналған құқықтың қолданысын тоқтатуға мыналар негіздеме болып табылады :

- 1) жүргізуші куәлігінің белгіленген қолданылу мерзімінің бітуі;
- 2) жүргізуші денсаулығының көлік құралдарын қауіпсіз басқаруға кедергі келтіретіндей нашарлап, оның медициналық қорытындымен расталуы, сондай-ақ көлік құралдарын басқаруға жарамдылығын растау үшін медициналық куәландырудан өтуге арналған жолдаманы тұлғаның осындай жолдама туралы шешімді алған күннен бастап екі ай ішінде орындаудан жалтаруы.

Көлік құралын жүргізуге жарамдылығын растау үшін медициналық куәландыруға жіберу үшін көрінеу психикалық бұзылулар мен мінез-құлықтың бұзылуы, көру органның кемістігі, көру функциясын бұзатын жаңадан пайда болған қатерсіз ісік түрлері, көлік құралын толыққанды жүргізуге кедергі келтіретін мүшенің туа біткен кемістігі немесе зақымдалған мүшенің қызметін бұза отырып, мүшенің немесе оның бір бөлігінің кейіннен жоқ болуы негіздемелер болып табылады;

3) көлік құралын жүргізушінің жол жүрісі ережелерін білуін тексеруге жіберу туралы шешім күшіне енген күннен бастап екі ай мерзім ішінде жол жүрісі ережелерін білуін тексеру емтиханын тапсыра алмауы;

- 4) көлік құралдарын басқару құқығынан айыру.

Осы тармақтың 2) және 3) тармақшаларында көзделген негіздемелер бойынша көлік құралдарын жүргізу құқығының күшін тоқтату уәкілетті органның (лауазымды адамның) талабы бойынша азаматтық іс жүргізу заңнамасында көзделген тәртіппен сот шешімімен жүзеге асырылады.

Көлік құралын басқару құқығы мұндай құқық мынадай жағдайларда тоқтатылған кезде :

осы тармақтың 1) тармақшасында көзделген негіздемелер бойынша - Жол жүрісі ережелерін білуін тексеру үшін емтихан тапсырғаннан кейін және медициналық тексеруден өткен соң ;

осы тармақтың 2) тармақшасында көзделген негіздемелер бойынша - егер тоқтатудың себептері жойылған болса, сот шешімі бойынша;

осы тармақтың 3) тармақшасында көзделген негіздемелер бойынша - осы Заңның 15-бабында белгіленген тәртіппен жалпы негізде;

осы тармақтың 4) тармақшасында көзделген негіздемелер бойынша көлік құралын басқару құқығынан өмір бойына айыру жағдайларын қоспағанда - емтихан тапсырғаннан кейін және көлік құралын басқару құқығынан айыру мерзімі өткен соң қайта қалпына келтіріледі.".

2-бап. Осы Заң ресми жарияланған күнінен бастап он күнтізбелік күн өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Президенті

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК